

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 118 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 желтоқсан N 118б

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 118 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада "Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара" деген 5-бағанындағы "10701" деген сан "11014" деген санмен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада "Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара" деген 5-бағанындағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Зағип мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арналған тифлоқұралдардың саны - 5405 дана";

3) көрсетілген қаулыға 5-қосымшада "Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара" деген 5-бағанындағы "1800" деген сан "1986" деген санмен ауыстырылсын;

4) көрсетілген қаулыға 16-қосымшадағы 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың техникалық паркін жаңарту, Қазақстан Республикасының салық төлеушілері есебінің автоматтандырылған деректер банкі бағдарламасына қатысу, әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың автоматтандырылған жүйесін құру, әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін (электрондық мұрағатын) қалыптастыру";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық паркті жаңарту: 1 дана дизель-генератор, 585 дана компьютер, 585

дана үздіксіз қоректендіру блоктарын, 1 дана диск массивін, 16 дана принтер, 731 дана
лицензиялық өнім;

шығыстық материалдар: 48 дана картридж, 144 дана тонер сатып алу.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың автоматтандырылған жүйесін құру, әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін (электрондық мұрағатын) қалыптастыру - 1 дана; салық төлеушілер мен салық салу объектілері мемлекеттік тізілімін жүргізуге арналған ақпарат алмасу жөніндегі бағдарламалық өнімді әзірлеу - 1 дана. Қазақстан Республикасының салық төлеушілері есебінің автоматтандырылған деректер банкі бағдарламасына қатысу. Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен ақпарат алмасу".

7-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жүйесін автоматтандыру, әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін (электрондық мұрағатын) қалыптастыру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі